

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасына аңықтама

Әлеуметтік кодекс жобасында келесі бағыттар бойынша бірқатар новеллалар қарастырылған:

1. Отбасының сандық картасын енгізу;
2. Халықты жұмыспен қамту саласындағы жаңа тәсілдер;
3. Жаңа көші-қон саясаты;
4. Балалы отбасыларға қолдау көрсету шаралары;
5. Арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесін жаңғырту;
6. Зейнетақы төлемдерін арттыру.

ҚАЗАҚСТАНДА ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫН ЕНГІЗУ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде **Отбасының цифрлық картасын** енгізу басталды.

Іс жүзінде Карта -

- бұл әлеуметтік мәртебесіне байланысты, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы **«электрондық хабарлаушысы»**;
- көрсетілетін мемлекеттік қызметтің **проактивті форматының жаңа құралы**. Яғни, мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады.

Бұл қалай жұмыс істейді?

- Бастапқы кезеңде мемлекеттік органдардағы ақпараттық жүйелердің деректері негізінде отбасылардың әл-ауқат деңгейі мен оларға тиісті мемлекеттік қолдау шараларын айқындау бойынша жұмыс жүргізілді. Қазірдің өзінде цифрлық картада шамамен 6 млн. отбасы және 19 млн. оның мүшелері туралы деректер қамтылып «отбасы портреті» қалыптастырылды. Карта деректері отбасы және оның мүшелері мәртебесінің өзгеруіне қарай жаңартылып отырады.
- Мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығы белгіленген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін әлеуетті алушыға СМС-хабарлама жіберіледі.
- Келісім алғаннан кейін – әлеуметтік жәрдемақы, төлемдер немесе мемлекеттік қолдаудың басқа түрлері тағайындалып, кейін алушының банк шотына аударылады.

Жоба кезең-кезеңмен жүзеге асырылады:

- 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап – жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша жаңа форматта қызмет алу мүмкіндігі ұсынылды;

- 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап тізбе әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтермен кеңейтілетін болады;
- 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізілетін болады;
- 2025 жылдан бастап мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылатын болады.

ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

Азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуын арттыру мақсатында **қоғамды саяси жаңғырту** басталып та кетті.

Қолайлы іскерлік климат, адал бәсекелестік және инвестицияларды тарту үшін **экономикалық трансформация** іске қосылды.

Жүргізіліп жатқан трансформациялардың үшінші стратегиялық басымдығы **Әділ Әлеуметтік даму Моделін** қалыптастыру болуы тиіс.

Ол азаматтарды өнімді жұмыспен қамтуға және әрбір тараптың **жауапты рөлін** белгілейтін жаңа **«әлеуметтік келісімшартқа»** негізделетін болады, мұнда:

- **мемлекет** жұмыспен қамтудың атаулы бағдарламаларын қамтамасыз етіп, оларға қатысудың **ашық** ережелерін қамтамасыз етеді;
- **жұмыс берушілер өнімді** жұмыс орындарын құрады және жұмысшыларды **әділетті түрде** марапаттайды;
- **азаматтар масылдықты** қабылдамайды және өзінің **кәсіби** құзыреттілігін үнемі жетілдіріп отырады.

Мемлекет, жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы әлеуметтік әріптестіктің дәл осы формуласы **«еңбекке қабілетті азаматтардың барлық санаттары үшін нәтижелі жұмыспен қамту үшін тең бастапқы жағдай жасауға»** бағытталған **жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдерін енгізуді** талап етеді.

Әлеуметтік Кодекс жобасында жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдерін іске асыру үшін мынадай міндеттер мен бастамалар қарастырылған.

БІРІНШІДЕН, еңбек нарығын ырықтандыру (ікемді жұмыспен қамту үшін жағдай жасау).

Бүгінгі таңда еңбек нарығында ікемді жұмыспен қамту режимі, оның ішінде платформалық жұмыс, жай ғана сәнді тренд емес, **қарқынды дамып келе жатқан бағыт.**

Сарапшылардың бағалауы бойынша, елімізде Яндекс, Убер, Вольт және Глово сияқты түрлі онлайн платформалар арқылы шамамен 500 мың адам жұмыспен қамтылған.

Аталған платформалар азаматтарға ыңғайлы жұмыс режимін ұсынады, сондай-ақ жұмыспен қамтылғандардың көпшілігі үшін бұл жұмыс негізгі табыс көзі болып табылады. Алайда олардың басты кемшілігі – жұмысшылардың әлеуметтік тәуекелдерден қорғалмауы.

Мысалы, такси жүргізушісі жұмысынан айырылса, онда ол Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 6 айға дейін жұмыссыз қалғаны үшін әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы жоқ.

Немесе осы форматта жұмыс істеген жас аналар декреттік демалыс кезінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 4 айлық жалақы мөлшерінде және

бұрынғы табысының 40 пайызы мөлшерінде бала күтіміне байланысты 1 жасқа дейінгі әлеуметтік жәрдемақы алу құқығынан айырылады. Бұл төлемдердің орнына олар мемлекеттік бюджеттен балалар жәрдемақысының ең төменгі мөлшерін алады.

Осыған байланысты, Әлеуметтік Кодекс жобасы аясында **еңбек нарығын ырықтандыру** және икемді жұмыспен қамтудың **әлеуметтік-құқықтық кепілдіктерін құру** бойынша бірқатар шаралар қарастырылып, келесілерді көздейді:

- **«тәуелсіз жұмысшы» жаңа ұғымы енгізіледі** – өз қызметін мемлекеттік тіркеусіз табыс алу мақсатында еңбек қызметін өз бетінше жүзеге асыратын жеке тұлға.

Олардың қатарына өзін-өзі жұмыспен қамтыған және онлайн платформалар арқылы жұмысқа орналасқан адамдар кіреді;

- **еңбек қызметін танудың оңтайландырылған тәртібін енгізу қарастырылған.** Яғни, қолданыстағы онлайн-платформаларда тіркеу процедуралары (қоғамдық келісім-шарттар) және міндетті салық пен әлеуметтік төлемдердің болуы осы санаттағы жұмысшылардың **заңды жұмыспен қамтылғанын тануға негіз** болады.

Жаңа ережелер тәуелсіз жұмысшылар үшін тіркеудің қосымша рәсімдерін қарастырмайды;

- **мөлшерлемесі тәуелсіз жұмысшылар табысының 4%-нан аспайтын арнайы біріктірілген төлемін енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.** Біріктірілген төлемге жеке табыс салығымен және зейнетақымен қамтамасыз ету, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесіне жасалатын аударымдар кіреді.

Бұл ретте, **онлайн-платформалардың Операторлары салық агенттері ретінде айқындалмақ.** Бұл тәуелсіз жұмысшыға жеке кәсіпкер ретінде салық органдарында бөлек тіркелудің қажеті жоқ дегенді білдіреді.

тиісті аударымдар уақтылы түскен жағдайда тәуелсіз жұмысшыларға **Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдерді және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан медициналық көмектің сақтандыру пакетін алу құқығы беріледі.**

Бұл ретте, жұмыспен қамтылған азаматтарды әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру мақсатында **2023 жылдан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері жұмыспен қамтылған азаматтардың табысының 45%-ына дейін және бала күтімі бойынша төлемдер мерзімі бір жастан бір жарым жасқа дейін ұлғайтылатын болады;**

- бірлескен жұмыс (*бір жұмыс орнында екі қызметкер*), параллель жұмыс (*екі жұмыс орнында бір қызметкер*), икемді кесте немесе басқа да жұмыс сипатына қарамастан, **тәуелсіз жұмысшылардың еңбек құқықтары қорғалатын болады.** Бірақ, бұл нормаларды іске асырудың негізгі шарты оңайлатылған тіркеудің болуы (жария келісім-шарт) және арнайы біріктірілген төлемді төлеу болып табылады.

Жоғарыда аталған шаралар бірінші кезеңде кем дегенде **жарты миллион жұмыс істейтін қазақстандықтарды** «көлеңкелі еңбек нарығынан» шығарып, олардың **әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғауға** мүмкіндік береді.

ЕКІНШІДЕН, жұмыс күшінің біліктілігін арттыру (жаппай оқыту және білім сапасын арттыру).

Жыл сайын 300 мыңнан астам жастар еңбек жасына жетеді. **Қазақстандағы еңбек нарығының болашағын жастар анықтайды.** Қазірдің өзінде олар жұмыспен қамтылғандардың 60 пайызын құрайды, ал 2030 жылға қарай олардың үлесі Қазақстандағы барлық жұмыс күшінің 80 пайызынан асады.

Бірақ ЭЫДҰ (ОЭСР) зерттеулері қазақстандық жастардың біліктілігі ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда ғана емес, сондай-ақ қазақстандық ересек жұмыс күшінің біліктілік деңгейінен де әлдеқайда төмен екендігін көрсетті..

Цифрландыру мен автоматтандырудың әсерінен жұмыс орындарындағы технологиялық процестер қарқынды өзгеруде. Жаңа мамандықтар пайда болуда. Білім ескіріп, ал жұмысшылардың дағдыларына қойылатын талаптар өсуде. Яғни бүгінгі таңда жұмыс беруші тек диплом иелеріне ғана емес, білікті мамандарға да мұқтаж.

Осыған байланысты Әлеуметтік кодекс жобасы **Ұлттық біліктілік жүйесін қайта іске қосуды** және жұмыс берушілер үшін де, жұмысшылар үшін де қазақстандық кадрлардың карьерлік өсу кезеңінде біліктілігін үздіксіз арттыру үшін **түсінікті ынталандыру жүйесін** құруды көздейді.

Олар:

біріншіден, кадрлардың біліуі тиіс дағдылар мен құзыреттердің нақты жиынтығы айқындалатын **кәсіби стандарттарды** жұмыс берушілердің қатысуымен әзірлеуді;

екіншіден, кадрларды даярлауға **арналған мемлекеттік тапсырысты** кәсіптік стандарттар оқу бағдарламаларына енгізілген білім беру ұйымдарына ғана беруді (*кадрларды даярлау жөніндегі жұмыс берушілердің техникалық тапсырмалары*);

үшіншіден, жұмыс күшінің **біліктілігін бағалаудың тәуелсіз орталықтары** институтын іске қосу. Бағалау нәтижелері, бір жағынан кадрдың жұмысқа шығуға дайындық дәрежесін, ал екінші жағынан кадрларды даярлаған ұйымдардың білім деңгейін анықтауды.

төртіншіден, жұмыс берушілердің жұмысшыларды оқыту үшін қосымша **материалдық ынталандыруды** қамтамасыз ету мүмкіндігі, мәселен мемлекеттік сатып алулардағы жергілікті қамту өлшемдерінің бірі ретінде сертификатталған кадрлардың үлесін белгілеуді;

бесіншіден, біліктілікті бағалау сертификаттарының иелеріне мемлекеттік және жеке секторда **жұмысқа орналасу кезінде артықшылықтар** беруді көздейді.

Бұл бастамалар Парламент Мәжілісіне енгізілген «Кәсіби біліктілік туралы» заң жобасы аясында қарастырылған.

ҮШІНШІДЕН, еңбек ресурстарының ұтқырлығын жандандыру.

Халық тығыз орналасқан оңтүстік өңірлермен және жұмыс күші тапшы орталық, солтүстік өңірлермен сипатталатын біздің еңбек нарығындағы теңгерімсіздік – қолданыстағы **қоныс аудару бағдарламасын түбегейлі қайта қарауды** талап етеді.

Жаңартылған қоныс аудару бағдарламасының мәні елдің басқа өңірлерінде жұмыс істеп жатқан бизнес-жобаларды солтүстік және орталық өңірлерде дамыту

және кеңейту арқылы ашылатын жұмыс орындарына азаматтарды тарту мәселесін қарастыратын болады.

Осы бағытта:

- Әрбір қабылдаушы өңір қоныс аударуды ынталандырудың **Арнайы өңірлік бағдарламасын** әзірлейді, онда ең алдымен жұмыс күшін қажет ететін өңір экономикасының басым секторлары анықталатын болады;
- **«Солтүстік және орталық өңірлер үшін 100 бизнес-жоба»** конкурсы өткізіліп, оның аясында жұмыс орындарын құрудың барынша әлеуеті бар бизнес-идеялар таңдалып алынатын болады;
- **өндіріске жеңілдетілген несиелер беру және техникамен қамтамасыз ету** арқылы **ауыл шаруашылығы кооперациясын кеңейту бойынша** жүргізіліп жатқан Жамбыл облысының оң тәжірибесін бейімдеу жоспарлануда;
- жұмыс беруші мен көшіп-қонушылардың жұмысқа орналасу фактісі расталған жағдайда, жаңа орындағы тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде материалдық көмек алу құқығын куәландыратын **«ұтқырлық куәлігі» енгізіледі**. Бұл сома тұрғын үй салуға немесе сатып алуға немесе «Отбасы банк» АҚ-қа бастапқы жарна төлеуге жұмсалуды мүмкін.

ТӨРТІНШІДЕН, таланттарды тарту көзі ретінде сыртқы көші-қонның жаңа тәсілдерін енгізу.

Қазақстанды білікті мамандарды тарту орталығына айналдыру мақсатында келесі басым бағыттарды қарастыратын **«Ашық Қазақстан 500+»** көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасының жобасы әзірленді.

Онда:

біріншіден, ұлттық дәстүрлерді сақтау және тарихи отанымен экономикалық байланысты нығайту мақсатында басқа елдің азаматтары болып табылатын этникалық қазақтарға еңбек және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын беретін **Қазақ картасын** енгізу жоспарлануда;

екіншіден, академиялық **ұтқырлықты** күшейту және біздің жоғары оқу орындарына шетелдік студенттерді тарту жоспарлануда;

үшіншіден, біздің жоғарғы оқу орындарының **ғылыми әлеуетін** арттыру мақсатында, әсіресе техникалық және ауылшаруашылық бейіні бойынша Қазақстанға **сұранысқа ие мамандықтар бойынша кемінде 100 жетекші ғалымдарды** тарту көзделуде. Олардың қатысуымен біз университеттер базасында заманауи ғылыми зертханалар мен өндіріс орындарын қалыптастыра аламыз;

төртіншіден, флагмандық қазақстандық кәсіпорындардың кадрлық құрамын нығайту мақсатында технологиялар трансфертін және олардың орнына ұлттық кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін **тапшы кәсіптер бойынша кемінде 100 білікті шетелдік мамандарды** тарту қарастырылуда;

бесіншіден, еліміздің мәдени әлеуетін дамыту үшін **өнер және спорт саласының 100 шебері** тарту қарастырылуда. Кино, театр, әдебиеттің көрнекті қайраткерлеріне авторлық мектеп ашуға жағдай жасалмақ.

Көрсетілген бастамаларды жүзеге асыру үшін осы мамандарға қолайлы жұмыс жағдайын жасау және лицензиялаудың барлық рәсімдерін жеңілдету жоспарлануда.

Бірінші кезеңде үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келетін шетелдік мамандарды **тіркеу, есепке алу және олардың болуын бақылаудың Цифрлық жүйесін құру** жоспарлануда.

БЕСІНШІДЕН, жастардың әлеуетін көтеру арқылы оларды еңбек нарығына тарту.

Алдымыздағы жылдарда ұлттық еңбек нарығы 2000 жылдардан кейін туған жастармен толығымен болады. Егер біз осы ресурсты дұрыс пайдаланып, экономикамызды көтере алсақ, онда үлкен **демографиялық дивиденде ие болу мүмкіндігіміз бар.**

Осы мақсатта Әлеуметтік Кодекс жобасында әлеуметтік лифттер жүйесін құру және жастарды қолдау бағдарламалары механизмдерін қайта қарау қарастырылған.

Оған сәйкес:

- қолданыстағы **«жастар практикасы»** жобасын экономика салаларындағы **кадр тапшылығын жабуға бағыттау** және оған қатысушылардың **жас шегін 29-дан 35 жасқа дейін** ұлғайту арқылы жоба саясын кеңейту қарастырылуда;
- **«Дипломмен ауылға» бағдарламасын** жастар тәжірибесімен байланыстыру арқылы ауылдағы жас мамандарға жастар тәжірибесі шеңберінде төленетін төлемдерге тең **қосымша үстемақы** белгілеу ұсынылуда;
- мемлекет есебінен қаржыландырылатын **қоғамдық жұмыстарды** ауылдың экономикалық әлеуетін, жобаның әлеуметтік тиімділігін арттыру және **жастардың тұрақты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін тек ауылдық жерлерде нақты жобаларды** жүзеге асыруға бөлу;
- жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау үшін **қайтарымсыз гранттардың орнына жеңілдетілген несиелер беру.** Жастардың өз кәсібін ашуы үшін грант мөлшері көбінесе жеткіліксіз екенін мойындау керек, әсіресе жаңадан бастаушыға барлық жағдай жасалған мегаполистер мен облыс орталықтарында қатты байқалады;
- «Алғашқы жұмыс» жобасын **ҰБТ тапсыра алмаған немесе оқуын жалғастырмаған** мектеп түлектеріне қайта бағыттау. Олар еңбек нарығына кәсіби дағдыларсыз енетін жастарға **тәлімгерлік** қажет болуда.

Жалпы, барлық белгіленген бастамалар аясында алдағы үш жылда **500 мың жас нәтижелі жұмыспен қамтылмақ.** Оларды іске асыруға арналған бюджет қаражаты өңірлерге *олардың еңбек нарығының ерекшеліктерін ескере отырып,* трансферттер түрінде берілетін болады. Үкіметке жастарды жұмысқа тартудың **нысаналы индикаторларын** белгілеу және қаражаттың жұмсалудың **бақылау** жүктелді.

АЛТЫНШЫДАН, еңбек делдалдығын дамыту (жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді күшейту).

Бүгінде еліміз бойынша жұмыс істейтін 205 жұмыспен қамту орталығы 2010 жылы мемлекеттен қаржыландырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру үшін құрылды. Олардың негізгі міндеті

жұмыссыздарды тіркеу, оларға мемлекеттік қолдау көрсетуді жергілікті жерлерде және жалпы ел бойынша жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу болды.

Жалпы олар тапсырмаларды орындағандығын айта кету керек, бірақ:

- өңірлік еңбек нарығының ерекшелігін ескермей жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бірыңғай тәсілдерін қолдануды;
- жастар ағынының күшеюі есебінен жұмыс күшінің құрылымын өзгерту және олардың жұмыспен қамту саласында мемлекеттік қолдауға жаңа сұраныстары;
- жұмыс күшінің ішкі, сыртқы ұтқырлығының өсуі және оның өңірлік еңбек нарықтарының қажеттіліктерімен байланысының болмауы;
- жұмыс істеп тұрған мемлекеттік институттардың назарынан тыс қалатын жұмыспен қамтудың жаңа нысандарының, жұмыстың икемді режимдерінің пайда болуы;
- еңбек делдалдығы қызметтерін көрсететін жеке институттарды кеңейту;
- жұмыспен қамту саласын цифрландыру, цифрлық платформалар арқылы жұмыс іздеу және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері;
- облыс деңгейінде бірыңғай үйлестіруші органның болмауы;
- сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдер, сондай-ақ жоғарыда аталған жаңа бастамалар жұмыс істеп тұрған **еңбек нарығы институттарының жұмысын жаңа жағдайларға бейімдеуді** талап етеді.

Осыған байланысты әлеуметтік кодекстің жобасында:

1) **жұмыспен қамту орталықтарын трансформациялау.** Облыстар мен мегаполистер деңгейінде 20 еңбек ұтқырлығы орталығын (*бұдан әрі – жаңа орталық*) құру жоспарлануда. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған жұмыспен қамту орталықтары олардың филиалдары болып қайта құрылатын болады және/немесе одан әрі жекешелендіруге жатады.

Жаңа орталықтардың негізгі міндеті жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып және ұлттық еңбек нарығының көрсеткіштерімен байланыстыра отырып, өңірлік жұмыспен қамту саясатын іске асыру болады.

Жаңа орталықтардың мақсатты міндеттерін қайта қарау бір уақытта қолданыстағы функцияларды кеңейтеді және жаңа функцияларды анықтайды:

- a) жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау негізінде өңірдің еңбек ресурстарының теңгерімін қамтамасыз ету;
- b) жұмыспен қамтудың өңірлік карталарын әзірлеу және оларды жергілікті жерлерде іске асыруды үйлестіру;
- c) жұмыспен қамтудың белсенді шараларын іске асыру және өңірде іске асырылатын барлық мемлекеттік бағдарламалар мен жеке бастамалар шеңберінде құрылатын жұмыс орындарын құру мониторингі;
- d) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың ерікті көші-қонына жәрдемдесу және азаматтарды көшіру бағдарламасын үйлестіру;
- e) өтініш білдірген адамдарды, жұмыс іздеуші және жұмыссыздар ретінде тіркеу;

f) халықты, жергілікті атқарушы органдарды және уәкілетті мемлекеттік органды өңірлік еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар ету.

Осы функцияларды іске асыру үшін жаңа орталықтар өңір аумағында жұмыс істейтін Еңбек нарығының барлық институттарын тартатын болады. Ол үшін орталықтарға азаматтардың нысаналы топтарын жұмысқа орналастыруға байланысты жекелеген функцияларды аутсорсингке беру құқығы беріледі. Бұл ретте, халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарт жасасу туралы ақпарат ол жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде электрондық еңбек биржасында орналастырылады.

2) **электрондық еңбек биржасын бірыңғай толыққанды экожүйе немесе Жұмыспен қамту саласы қызметтерінің «онлайн витринасы» ретінде айқындау.**

Осы мақсатта:

біріншіден, онда жұмыс берушілердің, жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерінің және жұмысқа орналастыру жөніндегі онлайн-алаңдардың барлық бос орындары шоғырландырылатын болады.

Бұл үшін әлеуметтік кодекстің жобасында жұмыс берушілердің еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, бос жұмыс орындарының бар-жоғы туралы мәліметтерді олар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық еңбек биржасында орналастыру міндеттемелері көзделеді;

екіншіден, онда жұмыссыздар мен халықтың нысаналы топтарына ұсынылатын **мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары ұсынылатын болады**. Олар реактивті форматта ұсынылады;

үшіншіден, ол экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны, сондай-ақ бос, жаңа және мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған адамдардың саны туралы ақпараттың **негізгі көзіне айналады**, олар әлеуметтік қорлар мен медициналық сақтандыру қорына аударымдармен расталатын болады;

төртіншіден, онда қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында жасалған **барлық еңбек шарттары тіркелетін** болады. Осыған байланысты, әлеуметтік кодекстің жобасында жұмыс берушілердің жасалған еңбек шарттарын олар жасалғаннан кейін 3 күн ішінде орналастыру туралы міндеттемелері көзделген.

Осылайша, еңбек нарығының барлық институттарының күш - жігерін біріктіру және цифрлық алаңға көшу, олардың қолжетімділігі, ашықтығы мен айқындығы, бір жағынан, **жұмыспен қамту саласында жаңа мәдениетті қалыптастыруға**, екінші жағынан, іске асырылып жатқан мемлекеттік **жеке бастамалар туралы халықтың хабардарлығын арттыруға тиіс**.

ЖАҢА КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

Әлеуметтік Кодекс жобасында жаңа көші-қон саясатының төмендегідей негізгі бағыттары қамылған:

- көші-қон ағындарының ұлғаюымен және босқындардың көптеп келуі мүмкіндігіне байланысты тәуекелдер мен ықтимал салдарлардың алдын алу;
- инвестициялар үшін ашықтықты сақтау және Қазақстанды жоғары білікті мамандарды тарту орталығы ретінде көрсету.

Белгіленген міндеттер негізінде бұрынғы тәсілдер түбегейлі қайта қаралып, көші-қон саясатының негізгі басым бағыттарын айқындайтын **«Ашық Қазақстан 500+»** тұжырымдамасының жобасы әзірленді.

Бірінші – елге білікті мамандардың келуін ынталандыру.

Қазақстан академиялық ұтқырлықтың және сұранысқа ие мамандықтар бойынша жетекші ғалымдар мен мамандарды тарту орталығына айналуы тиіс.

Бұл бағыттағы басты міндеттердің бірі – **білім беру иммиграциясын** дамыту болып табылады. Бұл тұрғыда Канада мен Қытайдың тәжірибесін ерекше атап өтуге болады.

Осы мақсатта:

- жетекші шетелдік білім беру мекемелерін академиялық ұтқырлық бағдарламасына тарту және **қос дипломды білім беру практикасын одан әрі дамыту** арқылы елдік білім беру инфрақұрылымын кеңейту;
- сұранысқа ие мамандықтар бойынша **100-ден кем емес үздік оқытушыны** және **сұранысқа ие технологиялар бойынша ғалымдарды** тарту көзделеді. Бұл ретте шетелдік ғалымдар мен оқытушылар үшін тұруға ықтиярхат бере тұра, ұзақ мерзімді визалар енгізілетін болады.

Бұл стратегиялық міндетті іске асыру қазақстандық жоғары мектеп пен ғылымның беделін және қазақстандықтардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін арттыру үшін өте маңызды. Мұның түпкілікті нәтижесі Қазақстан Республикасының адами капиталын инновациялық дамыту мәселесін шешу болмақ.

Тағы бір міндет – **Қазақстанға білікті еңбек мигранттарын тарту.**

Бүгінгі таңда шетелдік жұмыс күшін тартуға квоталарды бөлу жүйесі табысты жұмыс жасауда. Бірақ бұл жұмыс берушілердің ағымдағы қажеттіліктерін өтеумен ғана шектеледі. Қазірдің өзінде орта мерзімге керекті кадрлардың қажеттілігін айқындалған мамандықтар Атластары әзірленді. Осыған орай, неғұрлым ұзақ мерзімге керекті кадрлардың қажеттілігімен байланыстырып, жергілікті кадрлар арасынан тиісті мамандарды даярлауды қамтамасыз ету қажеттігі пісіп-жетілді.

Сондықтан Қазақстан үшін жиі тартылатын және **тапшы мамандықтар бойынша 100-ден кем емес үздік шетелдік мамандарды** шақыру ұсынылады. Бұл мамандардың міндеті білім трансфері мен өндірісте жұмыс істейтін қазақстандықтарды даярлау болмақ.

Олар үшін **«Бағалы дағдыларға арналған виза»** енгізіліп, қазақстандық кадрларды алдын ала даярлау үшін үнемі жаңартылып отыратын бағалы дағдылар рейтингі (тапшы кәсіптер мен мамандықтар) қалыптастырылады.

Екінші – бизнес-иммиграция үшін мүмкіндіктерді ынталандыру және кеңейту.

Әлемде күшейіп келе жатқан инвестициялар үшін жаһандық бәсекелестік бұл бағытқа ерекше назар аударуды қажет етеді.

Қолданыстағы заңнамада шет елдік кәсіпкерлерлерге жеңілдетілген визалар тек 100 000 АЕК мөлшерінде, яғни инвестиция 3 млрд. теңгеден артық инвестиция тартқаны үшін беру көзделген. Отандық тәжірибеде бұл тәсіл күткен нәтижені бермеді.

Сондықтан ЕЭЫДҰ (ОЭСР) елдерінің тәжірибесін негізге ала отырып, бұл «межені» қайта қарау және оны 300 мың АҚШ доллары (*шамамен 140 млн теңге*) деңгейінде белгілеу ұсынылады.

Осылайша, Қазақстанға **жылына 100 бизнесмен-инвестор** тарту, соның ішінде көбірек зияткерлік қызметке негізделген креативті индустрияны (экономиканың төртінші секторы) дамыту қарастырылуда.

Бұл адами капиталды дамытуға, білім құндылығы мәдениетін қалыптастыруға айтарлықтай серпін береді және білім беру қызметтері сапасының өсуіне ықпал ететін болады.

Мигранттарды осы санаты үшін бизнесті тіркеу, мүлікке, соның ішінде тұрғын үйге ие болу, қаржы операцияларын жүргізуге, сондай-ақ тұруға ықтиярхат алуға құқық бере отыра, «Инвестор визасы» енгізілу көзделген.

Бұл бастама сондай-ақ АХҚО резиденттігі инвестициялық-салықтық бағдарламасы негізінде іске асырылады.

Үшінші – этникалық көші-қонды одан әрі дамыту.

Тарихи Отанымен байланысты нығайту мақсатында жоғары деңгейдегі мамандар болып табылатын немесе өз елдерінде табысты бизнес-кейстерді іске асырған, сондай-ақ оларды Қазақстанда ендіруді қалайтын **100-ден кем емес этникалық қазаққа** (басқа елдердің азаматтарына) **Қазақ картасын енгізу** ұсынылады.

Оның иесі саяси құқықтарды қоспағанда, тұруға құқығы бар (бизнес ашу, жылжымайтын мүлікке және басқа мүлікке иелік ету, қаржылық операцияларды жүргізу) және елге жеңілдетілген кіру мүмкіндігіне ие болады.

Ал Қазақстанға көшуге ниет білдірген этникалық қазақтар үшін, қоныстандырудың белгіленген өңірлерінде қабылдаудың қолданыстағы тәртібі мен мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау сақталады.

Төртінші – ішкі көші-қонды реттеу және ынталандыру.

Халық тығыз орналасқан оңтүстік өңірлермен және жұмыс күші тапшы орталық, солтүстік өңірлермен сипатталатын біздің еңбек нарығындағы теңгерімсіздік – қолданыстағы **қоныс аудару бағдарламасын түбегейлі қайта қарауды** талап етеді.

Жаңартылған қоныс аудару бағдарламасының мәні елдің басқа өңірлерінде жұмыс істеп жатқан бизнес-жобаларды солтүстік және орталық өңірлерде дамыту және кеңейту арқылы ашылатын жұмыс орындарына азаматтарды тарту мәселесін қарастыратын болады.

Осы бағытта:

- Әрбір қабылдаушы өңір қоныс аударуды ынталандырудың **өңірлік жол картасын** әзірлейді, онда ең алдымен жұмыс күшін қажет ететін өңір экономикасының басым секторлары анықталатын болады;

- «Солтүстік және орталық өңірлер үшін үздік бизнес-жоба» конкурсы өткізіліп, оның аясында жұмыс орындарын құрудың барынша әлеуеті бар бизнес-идеяла таңдалып алынатын болады;
- мал және егіншілік шаруашылық бағыттары бойынша ЖҚШ-ға жеңілдетілген несие беру арқылы ауыл тұрғандарының табысын арттыру бойынша Жамбыл облысының оң тәжірибесін бейімдеу көделген;
- білім беру гранттарын аумақтық қоныстандыру қағидатын негізге ала отырып беру жоспарлануда;
- жұмыс беруші мен көшіп-қонушылардың жұмысқа орналасу фактісі расталған жағдайда, жаңа орындағы тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде материалдық көмек алу құқығын куәландыратын «**ұтқырлық куәлігі**» **енгізіледі**. Бұл сома тұрғын үй салуға немесе сатып алуға немесе «Отбасы банкіне» бастапқы жарна төлеуге жұмсалуды мүмкін.

Бесінші – Қазақстан азаматтарының көшіп кетуі.

Еңбек нарықтарының ашықтығы және Қазақстан азаматтарының еркін жүріп-тұру құқықтары жағдайында білікті кадрлардың кетуі одан әрі орын алатын болады. Бұл біз шектей алмайтын және шектемеуге тиіс жаһандық тренд. **Бірақ біздің міндетіміз – шетелде еңбек ететін қазақстандықтардың заңды құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.**

Сондықтан, қазақстандықтардың көпшілігі жұмыс істейтін елдердегі дипломатиялық мекемелерде еңбек мәселелері жөніндегі қызметкерлерді айқындау ұсынылуда. Олар қазақстан азаматтарына сол елдің заңнамалары бойынша анықтама немесе олар өмірлік қиын жағдайлардаға тап болған кезде қажетті көмек және заң консультацияларын ұйымдастыратын болады.

Бұдан басқа, қазақстандық еңбек мигранттарының құқықтарына кепілдік беретін мемлекетаралық келісімдер пакетін қабылдау және олардың құқықтары мен еңбек жағдайларын қорғауды ұйымдастыру қарастырылатын болады.

Осы мақсатта жаңа функцияларды іске асыру бөлігінде қолда бар мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін дамыту және интеграциялау бойынша шаралар іске асырылады. Ол көшіп-қонушыны цифрлық сәйкестендіруді жүргізетін және олар үшін арнайы қызметтер пакетін (банк картасы, SIM-карта және т.б.) қарастыратын ақпараттық жүйе ретінде қалыптастырылатын болады.

Жаңа көші-қон саясатын-елге инвестициялар тарту, елдің жедел экономикалық дамуын кадрлық қамтамасыз ету үшін стратегиялық резервті дамыту және қалыптастыру құралдарының бірі ретінде қарастыра отырып, әлемдік геосаяси жағдай аясында **ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау қажет.**

Балалы отбасыларға қолдау көрсету шаралары

Бүгінгі таңда балалы отбасыларды қолдаудың қолданыстағы моделі мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдердің 6 түрін қамтиды.

Әлеуметтік кодекстің жобасында да осы әлеуметтік қолдау шараларының барлығы толық сақталған.

Дегенмен, отбасының жекелеген санаттарын қолдаудың қолданыстағы шараларын күшейтуге бағытталған бірқатар жаңалықтар енгізілуде.

Ең негізгілерінің бірі – бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімін бір жылдан бір жарым жасқа дейін ұлғайту.

Осы ретте, аталған норма жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін ата-аналарға да қолданылады. Бұл құқықты **жарты миллионға дейін** ата-ана пайдаланатын болады.

Оған қоса, бала күтімі бойынша жәрдемақы алуға үміткер әрбір ата-ана оның әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі неғұрлым көп болса, төлем мөлшері соғұрлым жоғары болатынын білуі тиіс. Бұл төлем бүгінде МӘСҚ-ға аударымдар жүргізілген табыстың 40%-ын құрайды.

Ал жұмыс істемейтін ата-аналар жәрдемақы мен төлемдерге мемлекеттік бюджеттен үміткер бола алады.

Екінші жаңалық көп балалы аналарға арналған жәрдемақыларға қатысты болады.

Ең алдымен, Кодекс бойынша – «Наградталған аналар» деген жаңа ұғым енгізілетінін атап өткен жөн.

Бұл мәртебе көп балалы ананың сіңірген еңбегін құрметтеу және тану ретінде **өмір бойы** «Күміс алқа», «Алтын алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендері бар әйелдерге берілетін болады.

Екінші - наградталған аналарға төленетін **жәрдемақы мөлшері** сараланатын болады.

Бүгінде 6, 7 және одан да көп бала туып, тәрбиелеген аналар **бірдей мөлшерде жәрдемақы алуда.**

Әлеуметтік Кодекс қабылданғаннан кейін, «Алтын алқа» алқасымен, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендері мен «Батыр Ана» атағы бар, яғни **7 және одан да көп бала туып, тәрбиелеген** аналар үшін жәрдемақы мөлшері **7,4 АЕК-ке дейін артатын болады.**

Бұл өзгеріс наградталған **90 мыңға жуық ананы қамтиды.**

Үшінші. Бүгінде Қазақстанда миллионға жуық адам бар **190 мың аз қамтылған отбасы атаулы әлеуметтік көмек түрінде мемлекеттен қолдау алады.** 2020 жылдан бастап осындай отбасылардан шыққан балалар 6 жасқа дейін табиғи түрдегі азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтар түріндегі кепілдендірілген әлеуметтік пакет қосымша ұсынылады. Бұл шара қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылар үшін жақсы қолдау болды.

Сонымен қатар, әлеуметтік көмектің осы түрін алушылардың сұраныстарын ескере отырып, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша **2023 жылғы 1 қаңтардан** бастап 1 жастан 6 жасқа дейінгі **балаларға берілетін кепілдендірілген әлеуметтік пакет заттай көмек түрінен монетизацияланған көмек түріне ауыстырылатын болады.**

Бұл бастама Әлеуметтік Кодекс жобасына енгізілген және **ата-аналарға баланың жеке қажеттіліктеріне қарай өнімдерді өз бетінше сатып алуға мүмкіндік береді.**

Бұл шара 200 мыңға жуық балаға қатысты.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесін жаңғырту

Арнаулы әлеуметтік қызметтер – бұл әр адамның жеке қажеттіліктеріне негізделген қызметтер болып табылады. Мысалы, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған логопед қызметі, мектепке баруға мүмкіндігі жоқ балаларды үйде оқыту, жүрегіне операция жасағаннан кейін азаматтарды медициналық оңалту, жүріп-тұруы қиын адамдарға арбалар беру және т.б.

Соңғы жылдары елімізде егде жастағы адамдар (*2 миллионнан аса*) мен мүгедектігі бар адамдар (*700 мыңдай*) санының көбеюіне байланысты азаматтардың бұл қызметтерге қажеттілігі артуда.

Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бұл нарықты ырықтандыру жүргізілді: 116 мемлекеттік интернат үйімен қатар үкіметтік емес 174 ұйым мен жеке сектор субъектілері арнаулы қызметтер көрсетеді. Мүгедектігі бар адамдарға қажетті қызметтер мен тауарлардың витринасы іспеттес Әлеуметтік қызметтер порталы енгізілді. Оның арқасында азаматтар тауарларды немесе жеткізушілерді өздері таңдау мүмкіндігіне ие болды.

Дегенмен бұл қызметтердің көбі қалалар мен облыс орталықтарында көрсетілетінін мойындаған жөн. Мүгедектігі бар адамдардың 45%-ы ауылда тұратындықтан, олар үйде әлеуметтік көмек көрсететін жергілікті бөлімшелер ұсынатын жалпы әлеуметтік қызметтерді алады.

Сонымен қатар қызметтердің басым бөлігін ірі мемлекеттік интернат-үйлер көрсетеді, олардың кейбіреулерінде тұратын адам саны 300-ге дейін жетеді, бұл, әрине, көрсетілетін қызметтердің сапасына әсер етпей қоймайды.

Азаматтардың осы санаты үшін әлеуметтік нысандардың қолжетімділігін қамтамасыз етуде де проблемалар бар.

Осыған байланысты, Әлеуметтік кодекс жобасында **мемлекеттің, жеке сектордың, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың өздерінің қатысуына назар аудара отырып,** әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін одан әрі жаңғырту көзделеді.

Ең маңызды өзгерістер келесі бағыттарды қамтиды.

Бірінші. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің өтініш беруден проактивті форматына көшу

Бұл үшін Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж азаматтардың бірыңғай әлеуметтік тіркелімі құрылатын болады. Оның базасында қажеттілік карталары қалыптастырылады, азаматтардың өтініштерін күтпей-ақ проактивті форматта қызметтер көрсете отырып, ел ауқымында қызметтердің қолжетімділігі айқындалатын болады.

Екінші. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамның жұмыспен қамтылмаған отбасы мүшелерін әлеуметтік қызмет көрсетуге тарту. Тәжірибе көрсеткендей, жақындары мен үйреншікті ортаның қолдауы оңалтуда жоғары тиімділікке ие.

Сондықтан отбасы мүшелерін жеке көмекші ретінде (*қызметке мұқтаж белсенді азаматтар үшін*) ресімдеу немесе арнаулы қызметтердің жекелеген түрлерін көрсету үшін «Күміс жас» жобасына қатыстыру мүмкіндігі ұсынылады.

Олардың еңбегіне ақы төленетін болады, әлеуметтік аударымдар жүргізіледі, ал жұмыс кезеңі зейнетақы тағайындау кезіндегі еңбек өтіліне есептелетін болады.

Дегенмен, қатысушыларға қойылатын негізгі талап – мұндай қызметтерді көрсету үшін тиісті дағдыларының, икемінің және біліктілігінің болуы.

Үшінші. Ірі интернат үйлеріндегі қызмет көрсетуден шағын жинақталған әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарында қызмет көрсетуге көшу

Бүгінде осындай 20 ұйым мұқтаж жандардың тұрғылықты жерінде немесе оларға жақын жерлерде қызмет көрсетеді. Мұндай ұйымдар «Балапан» бағдарламасы секілді, әсіресе ауылда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін шағын жинақталған ұйымдар ашқан жеке сектор субъектілеріне мемлекеттік тапсырысты кеңейту арқылы дамытылатын болады.

Өз кезегінде, ірі интернат-үйлер жаңа технологияларды енгізу және әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің ғылыми-әдістемелік орталықтарына немесе әлеуметтік қызмет көрсетудің көп бейінді шағын үйлеріне кезең-кезеңімен өзгертілетін болады.

Төртінші. Ұйым түрлері бойынша стандарттардың орнына қызмет түрлері бойынша стандарттарды қалыптастыру

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды кеңейту олардың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуі кезінде бірыңғай тәсілдер әзірлеуді талап етеді.

Осыған байланысты тыныс-тіршіліктің шектелу дәрежесіне немесе өмірлік қиын жағдайдың түріне байланысты әлеуметтік қызметкерлер жұмысының қадамдық алгоритмін қамтитын жаңа стандарттар әзірленетін болады және қолда бар арнаулы әлеуметтік қызмет стандарттары өзектендіріледі.

Бесінші. Жалпы тарифтердің орнына арнаулы әлеуметтік қызметтерді жан басына қаржыландыру қағидатын енгізу.

Тариф белгілеу жүйесі мыналарды көздейді:

- 1) **жан басына шаққандағы норматив** – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар үшін;

2) **шекті бағалар** – техникалық орнын толтырушы құралдарды жеткізетін ұйымдар үшін.

Тарифтер мемлекет кепілдік берген арнаулы әлеуметтік қызметтерге ғана белгіленетін болады және олар кепілдік берілген сома деп аталады. Бұл ретте ол елдің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өзгеруін ескере отырып, кезең-кезеңімен түзетілетін болады.

Жалпы ұсынылып отырған шаралар мұқтаж азаматтарға ұсынылатын қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және сапасын арттыруға бағытталған.

Алтыншы. Әлеуметтік қызметтер порталы мәселелері жөніндегі комиссия

Бүгінде мүгедектігі бар адамдар техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен оңалту қызметтеріне Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы тапсырыс береді.

Порталда **25,6 мың жеткізуші тіркелген, олар 240 мыңнан астам қызмет көрсеткен.**

Алайда, кейбір өнім берушілер сапасыз тауарлар жеткізуде (жөргектер, таяқтар, арбалар және т.б.). Бұл қызмет алушылар тарапынан орынды наразылық тудырады.

Бұл проблемаларды шешу үшін Әлеуметтік кодекс жобасында мыналар қарастырылған:

- 1) мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтердің уақтылы жеткізілмегені және сапасы туралы ақпаратты Порталда орналастыру құқығын беру;
- 2) мүгедектігі бар адамдардың және тауарлар мен қызметтерді берушілердің осындай өтініштерін қарау үшін жергілікті комиссиялар құру.

Бұзушылықтар анықталған жағдайда Комиссия өнім берушілерге оларды жою қажеттігі туралы хабарлама жібереді. Хабарламада көрсетілген мерзім ішінде бұзушылықтар жойылмаған жағдайда Комиссия өнім берушіні Әлеуметтік қызметтер порталына өткізбеу немесе алып тастау туралы шешім қабылдайды және жосықсыз өнім берушілер тізіліміне енгізеді.

Жетінші. Аумақтық бекітудің орнына әлеуметтік қызметкерді таңдау

Әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж адамдарға арнайы тауарлар мен қызметтерді, қызмет көрсететін ұйымды таңдаумен қатар, оларға қызмет көрсететін әлеуметтік қызметкерлерді таңдау мүмкіндігі де ұсынылатын болады.

Осы мақсатта:

- 1) **Әлеуметтік қызметкерлердің тізілімі қалыптастырылатын болады.** Онда әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігі, олар көрсететін қызметтердің түрлері мен сапасы және жұмыс нәтижелері туралы ақпарат болады.

Тізілім тұтынушыларға бәсекелес ортада әлеуметтік қызметкерлерді таңдауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік қызметкерлерге деген сұраныс олардың жалақы деңгейінде көрініс табады;

- 2) даярланып жатқан кадрлардың білім деңгейіне, дағдылары мен шеберлігіне жұмыс берушілердің талаптарын көрсететін **әлеуметтік қызметкерлердің кәсіптік стандарттары әзірленетін болады.** Әлеуметтік жұмысқа біліктілікті бағалаудың тәуелсіз жүйесінен өткен сертификатталған мамандар ғана жіберіледі;
- 3) көрсетілетін қызметтердің біліктілік деңгейін, санаты мен ерекшелігін ескеретін **еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі әзірленетін болады.**

Сегізінші. Медициналық-әлеуметтік сараптаманы трансформациялау

Бүгінгі күні мүгедектікті белгілеу және әлеуметтік қолдау алу үшін азаматтар 4 мекемеге: емханаға, одан кейін медициналық-әлеуметтік қызметке, жәрдемақы тағайындау үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына, әлеуметтік қызметтерді алу үшін собеске жүгінуге мәжбүр.

Сараптаманың сапасына қатысты сын-пікірлер де жиі айтылады.

Осы проблемаларды шешу үшін Президенттің тапсырмасымен мүгедектікті проактивті форматта анықтау процесі 2021 жылдан бері пилоттық режимде іске асырылып келеді.

Проактивті формат дегеніміз не? Ол түрлі мекемелерді аралап, қағаз жинамай-ақ тек емханаға жүгінуді талап ететін мүгедектікті сырттай анықтау форматы. Одан кейін өтініш берушіні қатыстырмай, ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтердің негізінде автоматты түрде сараптама жүргізіледі, тиісті әлеуметтік төлемдер мен қызметтер тағайындалады.

Осы күнге дейін 12 ауру түрі бойынша **35 мыңнан астам адам** қызметті проактивті форматта алды. Аурулар тізбесі кезең-кезеңмен кеңейтілетін болады.

Әлеуметтік кодекс жобасында қызмет көрсетудің осы форматын заңды түрде бекітуді көздейді.

Сондай-ақ азаматтарға бұрын көрсетілген медициналық көмектің түрлерін ескере отырып, сапалы оңалту шараларын тағайындау үшін сараптамаға тәжірибелі дәрігерлер тартылатын болады. Олар біліктілік деңгейін, жұмыс өтілін ескере іріктеледі және **тәуелсіз сарапшылардың бірыңғай тіркеліміне** енгізіледі.

Осы жұмысты Еңбекмині Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе іске асырады.

ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН АРТТЫРУ

Қазіргі уақытта 2,2 млн-нан астам адам зейнеткер, оның ішінде:

- 1998 жылға дейін зейнетке шыққан, базалық және ынтымақты зейнетақы алатын 365 мың адам;
- 1998 жылдан кейін зейнеткерлік жасқа жеткен 1,9 миллион адам. Олар базалық және ынтымақты зейнетақыны бюджеттен, ал жинақтаушы зейнетақыны БЖЗҚ-дан алады.

Зейнеткерлердің бірінші санатының толық еңбек өтілі бар және олардың зейнетақысының орташа мөлшері айына 125 мың теңгеден асады.

Екінші санаттағы зейнеткерлердің (*жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу кезеңіндегі зейнеткерлер*) зейнетақы мөлшері бірінші топпен салыстырғанда төмен.

Себептері:

- бюджеттен ынтымақты зейнетақы тағайындау кезінде қолданылатын 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілінің азаюы. Бүгінгі күні зейнеткерлік жасқа жеткен адамдардың 40%-ға жуығында толық еңбек өтілінің болмауы;
- жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің аз болуына байланысты БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары көлемінің жеткіліксіз болуы (1998 жылдан бастап).

Бұл келесі жылдары бір жағынан зейнеткерлердің өсуі мен зейнетақы жүйесіне жұмсалатын шығыстардың ұлғаюын, екінші жағынан зейнетақылардың орташа мөлшерінің төмендеуі күтіліп отырғанын білдіреді.

Ел Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар топтамасы осы тәуекелдерді болдырмау үшін ұсынылды.

Олардың біріншісі – 2023 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасын жоспар бойынша арттыруды 61 жас деңгейінде 5 жылға дейін тоқтата тұру.

Бұл шара коронавирус пандемиясының азаматтардың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығына теріс әсер еткенін ескере отырып қабылданды. Сондықтан алдағы 5 жыл ішінде денсаулық сақтау жүйесін жақсарту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Бұл ретте, ауыл медицинасына, азаматтардың денсаулығын қалпына келтіруге және қолдауға бағытталған оңалту орталықтары желісін құруға, сондай-ақ кеңейтуге ерекше назар аударылатын болады;

Келесі шара мыналарды көздейді:

- **2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2027 жылға дейін ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-ынан 70%-ына дейін, ең жоғарғысын – тиісінше 100 %-дан 120 %-ға дейін кезең-кезеңімен жеткізу.** Осы кезеңде базалық зейнетақы мөлшері орта есеппен 51%-ға дейін артатын болады. Бұл ретте, базалық зейнетақының орташа мөлшерінің жыл сайынғы өсуі шамамен 13%-ды құрап, барлық 2 млн. зейнеткерді қамтиды;
- **2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін ең жоғары табыс көлемін енді зейнеткер атанғандар үшін 46 АЕК-тен 55 АЕК-ке дейін ұлғайту.**

Ұсынылып отырған шаралар 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақыны орта есеппен **27%-ға өсіруге** (3 жыл ішінде – 109 мыңнан 138 мың теңгеге дейін) және жиынтық зейнетақыдағы мемлекеттік төлемдердің үлес салмағын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, мемлекет «жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу кезеңіндегі зейнеткерлерді» қолдау міндеттемесін өз мойнына алды.

Үшіншіден, жұмыс берушілер есебінен қосымша зейнетақы жарналарын кезең-кезеңімен енгізу – 2024 жылы 1,5 %-дан 2028 жылға қарай 5 %-ға дейін.

Бұл шара зейнетақысының мөлшері зейнетақы аударымдарына тікелей байланысты болатын азаматтарды (1975 жылдан кейін туған) қолдауға мүмкіндік береді. Олардың зейнетақысы үш компоненттен тұрады: мемлекеттен базалық зейнетақы, өз аударымдары есебінен жинақтаушы зейнетақы және жұмыс берушілер жарналары есебінен құралған шартты-жинақтаушы зейнетақы.

Зейнетақының жаңа шартты-жинақтаушы компонентінің екеуінен артықшылығы: ол жинақтаушы жүйе сияқты аудару кезеңін, аударымдардың жиынтық көлемін бекітеді, бұл ретте ынтымақты жүйедегідей келіп түскен қаражат 1975 жылдан кейін туған және зейнеткерлік жасқа жеткендердің зейнетақы төлеміне бағытталатын болады. Бұл жүйеден зейнетақы өмір бойы төленетін болады.

Осылайша, мемлекет, жұмыс беруші және қызметкердің өзі қазіргі жас ұрпақты зейнетақымен қамтамасыз етуге жауапты болады. Бұл әлемдік тәжірибе, сондай-ақ жұмыс берушінің әлеуметтік жауапкершілігі.

БЖЗҚ-ның жаңа инвестициялық стратегиясы әзірленетін болады.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар кешені ұсынылды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және азаматтардың зейнетақы жинақтарының табыстылығын арттыру мақсатында зейнетақы активтерін тиімді басқаруды арттыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Бұл ретте БЖЗҚ-ның жаңа инвестициялық стратегиясын әзірлеу және зейнетақы активтерін басқаруға инвестициялауда үлкен тәжірибесі бар кәсіби және ашық жеке компанияларды тарту жоспарлануда.

Бүгінгі күні азаматтардың зейнетақы активтерінің бүгінгі көлемі 13 трлн. теңгеден асты, БЖЗҚ инвестициялық портфелінің табыстылығы өткен жыл үшін 11,13%-ды құрады.